

№ 1 Хаттама

Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ қамқоршылық кеңесінің отырысы.

02.09.2021г

Шымкент қ.

КҮН ТӘРТІБІ

- Мектептің ішкі тәртібі, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі
- Мектепішілік қамқоршылық кеңесі төрайымын және мүшелерін сайлау

Бірінші сұрақ бойынша мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиев оқу-тәрбие процесі барысында қойылатын талаптардың өз күшінде екендігін ескертіп, ата-аналарды ортақ мүдде тұрғысында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Ата-аналар жиналысында мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиев оқушылардың жеке бас қауіпсіздігіне де тоқталды. Мектепте жылдар бойы қалыптасқан қағида бойынша барлық сынып оқушылары сабаққа ересектермен бірге келуі шарт. Демалыс күндері үйлеріне де ересектермен бірге жіберіледі. Бұл балаларды жол апаты, көше бұзақылары, тб, қауіп-қатерден сақтандыру үшін қажет.

«Баланың сабақ кезіндегі қауіпсіздігіне педагогтар мен мектеп ұжымы жауапты. Мектептен тысқары жерде бұл жауапкершілік ата-аналардың мойнында» деді А.Ж.Дуйсенбиев. Директор мектеп-интернатының ғимараттарында тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында штаттағы күзетшілер қысқартылып мамандырылған күзетпен келісім шартқа отыратынын атап өтті.

Екінші сұрақ бойынша мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиев мектепішілік қамқоршылық кеңесі төрайымын және мүшелерін сайлау туралы және қамқоршылық кеңестің мақсатына тоқталып өтті. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңесі –білім беру ұйымын алқалы басқару нысандарының бірі. Бұл кеңес тәрбиелеу, оқыту жағдайын барынша жақсартуға, балалардың құқықтарын қорғау және сақтау мәселелеріне қоғам назарын аударуға, сапалы білім беру қызметтерін көрсетуге бағытталған.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаттары:

- жарғылық функцияларын жүзеге асыруға, мектептің материалдық-техникалық базасын күшейтуге жәрдемдесу;
- білім алушылардың құқықтарының сақталуын қадағалау;
- сондай-ақ мектеп шотына келіп түскен қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылау жүргізу;

Қамқоршылық кеңесі өз қызметінде мектеп әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге жеке немесе заңды тұлғалармен қарым-қатынаста

болады және оның мүшелерінің өкілеттіктерін орындауы ақысыз негізде жүзеге асырылады.


Ата-аналардың ұсынысымен әрі бір кісідей қолдауымен мектепішілік қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып 6 «В» сынып оқушысы Ерментай Садықтың ата-анасы, Келимбетова Улжан Устемировна ұсынылды.

Ата-аналардың ұсынысымен мектепішілік қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне:

Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосалқы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесі мына құрамда БЕКІТІЛСІН:


- 1.Бойцова Нина Борисовна-ұстаз-ардагер
 - 2.Жайлымысова Гульмира Акжигитовна- «Республикалық дефектологтар одағы» ҚБ төрайымы
 - 3.Слепцов Борис Расулович-«Қазақстандық Арнайы Олимпиада» ҚБ филиалының төрағасы
 - 4.Юсупова Назымкул Калыкуловна-ұстаз-ардагер
 - 5.Сеиткулов Дархан Мухтарович- Шымкент ҚІБ жол патрульдік полиция полкінің аға сержанты
 6. Избасаров Марат Мустафаевич- 3 «В» сынып ата-аналар төрағасы
 7. Тургинбаева Лариса Владимировна –«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ төрайымы
 - 8.Балданова Кундыз Исхахқызы-қызметкер-ардагер
 - 9.Келимбетова Улжан Устемировна мектеп-интернаты ата-аналар төрайымы
- Қабылданған қаулы:
- 1.Оқушылардың өмір қауіпсіздігі сабақ процесі кезінде мектеп-интернаты мұғалімдеріне , мектептен тыс уақытта ата-аналарға жүктелінсін.
 - 2.Қамқоршылық кеңес мүшесінен өз өтініші бойынша Тасыбаева Туймегуль Абдибековна шығалысын.
 - 2.Мектепішілік қамқоршылық кеңесінің төрайымы жұмысы Келимбетова Улжан Устемировнаға міндеттелінсін.

Жиналыс төрайымы:



У.Келимбетова

Жиналыс хатшысы:



Г.Мыктыбаева